

**Алтай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, оларды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 13/17-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 сәуірде № 9005-16 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабының 2-тармағына сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Алтай және Серебрянск қалаларында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары;

осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Алтай ауданында арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес Алтай ауданында арнайы орындарды пайдалану тәртібі;

осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес Алтай ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

2. Алтай ауданының мәслихатының мынадай шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/18-VI "Алтай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7374 болып тіркелген);

2) 2020 жылғы 27 қарашадағы № 73/3-VI "Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/18-VI "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, олардың материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге

қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7936 болып тіркелген).

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының мәслихат төрағасы

Л. Гречушникова

Алтай

ауданының мәслихатының

2024 жылғы 12 сәуірдегі

№ 13/17-VIII шешіміне 1-қосымша

### **Алтай және Серебрянск қалаларында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және олардың шекті толу нормалары**

р/б №	Арнайы орын	Шекті толу нормасы
1.	Тәуелсіздік көшесі, 60 орналасқан "Алтай қаласының Мәдениет орталығы" мекемесінің ауданындағы алаң	100 адамнан аспау керек
2.	Алтай қаласындағы Спортивная, 77 көшесінде орналасқан, "Металлург" стадионы;	
3.	Победа көшесінде орналасқан, Серебрянск қаласының қалалық алаңы.	

Алтай

ауданының мәслихатының

2024 жылғы 12 сәуірдегі

№ 13/17-VIII шешіміне 2-қосымша

### **Алтай ауданында арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

Бейбіт жиналыс өткізілетін күні ұйымдастырушылар мен оның қатысушылары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 5 және 6 – баптарының талаптарын сақтауы тиіс.

Ұйымдастырушы немесе ұйымдастырушының өкілдері бейбіт жиналыстар өткізу кезінде аудиовизуалды техника құралдарын, сондай-ақ бейне және фототүсірілім жасау үшін техника пайдалануға құқығы бар.

Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы немесе ұйымдастырушының өкілдері мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен жүзеге асырады.

Алтай

ауданының мәслихатының

## **Алтай ауданында арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

Бейбіт жиналыстар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда өткізіледі. Пикеттеуді қоспағанда, өзге орындарда бейбіт жиналыстар өткізуге тыйым салынады.

Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9.00-дан ерте бастауға және сағат 20.00-дан кеш аяқтауға болмайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан да көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Пикеттеу ұзақтығы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде күніне 2 сағаттан аспауға тиіс.

Алтай  
ауданының мәслихатының  
2024 жылғы 12 сәуірдегі  
№ 13/17-VIII шешіміне 4-қосымша

## **Алтай ауданында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Іргелес аумақтардан кемінде 800 метр арақашықтықта пикеттеуді өткізуге:

- 1) жаппай жерлеу орындарда;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК